

*«№28 Абылай хан атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ*



*«Бекітемін»*

*Мектеп директоры  
Ж.Еспенбетов*

***Әлеуметтік  
педагогтың атқарған  
жұмыстар есебі***

Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қалжан

*2022-2023 оқу жылы*

## **Әлеуметтік педагогтың жұмысының негізгі мақсаты:**

Оқушылардың дамуын, тәрбиесін, білім алуын әлеуметтік тұрғыдан қорғау. Өскелен ұрпаққа заман талабына сай тәрбиелеу, тұлғаның бойына жауапкершілікті, өз отанына деген міндет-борышын атқаруға, оның гүлденіп, өркендеуіне атсалысуына үйрету, өз тіліне, өзіне сүйіспеншілігін қалыптастыру, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор көрсету, табиғатты аялауға ықпал ету. Балаға рухани демеу беру, тығырықтан шығаратын жол іздеу, сол жолды дұрыс тауып, дұрыс шешім қабылдау, балаға сенім ұялату, оның өмірінің жақсыға өзгеретіне сендіру.

### **Міндеттері:**

- Оқушылардың қажеттілігі мен қызығушылықтарын, мінезден ауытқушылығын, әлеуметтік ортаға бейімделу және әлеуметтік қорғалу деңгейін анықтау.
- Оқушыға қажетті қолдау мен әлеуметтік көмекті өз уақытысында көрсету.
- Оқушы-жеке тұлға мен мектептің, отбасы, орта, әлеуметтік қызмет мамандарын, әкімшілік орындарды тікелей байланыстырушы.
- Жеке тұлғаның бостандығы мен құқығын жүзеге асыруда, оқушыларды қолдау мен көмек көрсетуде т.б. әлеуметтік қорғау барысында шара қолдану.
- Әлеуметтік инициативаны дамытуда, әлеуметтік бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған, мерекелік шаралар ұйымдастыру және оларды талдап, бекітуге қатысу.
- Мектепте, отбасыда, және қоршаған әлеуметтік ортада білім алушы жеке тұлғаның қауіпсіздігі мен психологиялық үйлесімділігіне жағдай туғызуына ықпал ету.
- Оқушының салауатты өмір салты үшін әлеуметтік ауытқушылық пен құқық бұзушылығының алдын алу.
- Көмек көрсету үшін мұғалімдердің, ата-аналардың, әлеуметтік қызмет көрсету мамандарының, әкімшілік ұйым өкілдерінің өзара әрекетін үйлестіру.

Көрсетілген мақсат-міндеттерден әлеуметтік педагогтың төмендегідей жыл бойы атқарған лауазымдық қызметіне сараптама жасау, ата-аналармен жүргізілген психологиялық-педагогикалық жұмыстың қортындысын салыстырмалы көрсеткішін анықтап және жаңа оқу жылының жоспарын жасау. Мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмысы жыл басында бекітілген жылдық жоспар бойынша жүргізіледі. Бала тәрбиесі жүйелі жүргізілу үшін оқу жылының басында сынып жетекшілеріне сынып оқушыларының, яғни баланың отбасы құрамы, тұрмыс жағдайы, ата-анасы туралы, толық немесе толық емес отбасы екендігі, жанұядағы психологиялық ахуалды және баланың жеке психологиялық даму деңгейін анықтау үшін сауалнамалар жүргізіліп, мектептегі оқушылардың әр отбасының әлеуметтік статусы анықталады. Отбасының әлеуметтік статусы жоғары, орта, төмен болып үш деңгейге бөлінеді. Төмен деңгейдегі отбасыларға ата-аналары жұмыс істемейтін немесе мамандығына сай емес жұмыспен айналысатын, табысы төмен, білімі деңгейі орта, жалдамалы пәтерде тұратын, тұрғылықты жерін жиі ауыстыратын отбасылар жатады. Жоғарыда көрсетілген деректер баланың жақсы оқып бірқалыпты дамуына да қатты әсерін тигізеді. Төмен деңгейдегі отбасының жиі көшіп қонуы, баланың мектепті жиі ауыстыруы, оның келген ортасына сіңіп кетуі, басқа балалармен тіл табысуы, жаңа ортаға тез үйренісуіне кедергі жасайды. Сынып жетекшілердің көмегімен оқушылардың құжаттары тексеріліп, мектеп бойынша ата-анасының қамқорлығынан айырылғандар, (жетім балалар), көпбалалы отбасылар, толық емес отбасылар, жағдайы төмен отбасылар, пәтер жалдап тұратын отбасылар саны, оралмандар отбасылар саны анықталып, жалпы мектеп бойынша әлеуметтік кесте құрылды. Әлеуметтік педагог жұмысының бір бөлігі, өз құзырлығының шеңбері бойынша көмек қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, оларға тиісті педагогикалық, психологиялық, материалдық көмек көрсету және консультациялар беру болып табылады.

2022-2023 оқу жылында әлеуметтік педагогтің жұмысы мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыруға бағытталған.

Оқу жылының басында ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 №382 бұйрығына сәйкес әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары құрылды.

Жылдық жоспарға сәйкес әлеуметтік-педагогикалық жұмыс төмендегі алты бағыт бойынша ұйымдастырылды:

- I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу**
- II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы**
- III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс**
- IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғанышылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы**
- V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс**
- VI. Диагностикалау-талдау қызметі**

**I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу туралы:**

Сынып жетекшілердің әлеуметтік зерттеулеріне сәйкес сыныптың әлеуметтік паспорты жасалынды. Сыныптардың әлеуметтік паспорты негізінде мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды.

Төмендегі кестеде 2021-2022 және 2022-2023 оқу жылындағы мектептің әлеуметтік көрсеткіштеріне сараптама жасалынды:

Әлеуметтік мәртебесі	Жетім оқушы	Көпбалалы Оқушы/отбасы	Жартылай жетім оқушы	Өгей ата-анасымен тұратын оқушы	Аз қамтылған
2021-2022 оқу жылы	0	100/500	60	7	50
2022-2023 оқу жылы	0	112/560	45	12	55

Мектебіміздегі көпбалалы отбасынан шыққан оқушылардың өсу динамикасының жоғарғы көрсеткіші ықшам ауданымызға жаңадан қоныс аударушылардың көптігіне байланысты.

**II. Балалық шақтың құқығын қорғау жұмысы.** Оқу жылында балалық шақтың құқығын қорғау бойынша бірнеше бағытта жұмыстар жүргізілді. Мектептің әлеуметтік желілерінде және мектеп сайтында балалардың құқығын қорғау бойынша жаднамалар мен материалдар жарияланды. Мектеп қабырғаларында сенім телефондары мен ақпараттық стендтер ұйымдастырылды.

Білім алушылар мен ата-аналарға бала құқығының бұзылуы фактілері және басқа да мәселелер бойынша әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді

Білім алушылардың сабаққа бармауының алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық акциясы жүзеге асты. Акция аясында әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық қолдау көрсетілді. Акция аясында қолдау көрсетілген оқушылардың көрсеткіші төмендегідей:

2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 95 оқушыға 3 093865 теңге көлемінде көмек көрсетілді.

2022-2023 оқу жылында «Мектепке жол» Республикалық акциясы «**Шекарасыз жақсылық**» ұранымен ұйымдастырылды.



Мектебімізде арендатор есебінен 25 оқушы ыстық тамақпен қамтылды.  
2023-2024 оқу жылында ЖББҚ ыстық тамақпен 1370 оқушы ыстық тамақпен қамтылады деп болжам жасалынып отыр.


**III. Әртүрлі есепте тұрған оқушылармен жеке-профилактикалық жұмыс туралы.** Мектебімізде әртүрлі есепте тұрған білім алушылар туралы сандық ақпарат төмендегідей:

- Мектепшілік есепте тұрғандар – 2
- Тәуекел топтағы оқушылар – 100
- Аудандық ІБ есебінде тұрғандар – 0.

Есепте тұрған оқушылардың үй-тұрмыс жағдайлары жасалынып, ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді. Оқушылардың есепке алынуының әлеуметтік себептерін анықтау мақсатында әлеуметтік сауалнамалар алынып, отбасыларына әлеуметтік-педагогикалық мінездеме берілді.

Балалардың есепке алынуының алдын алу мақсатында сынып жетекшілермен бірге «Бала құқығы», «Құқықбұзушылықтың салдары» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

8-9-10-11 сыныптар арасында «Бала еңбегін қанау немесе бала-заңмен қорғалған тұлға» тақырыбында дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргіздім.



### Дәріс сабағы

10-сыныптар арасында, «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ!» тақырыбында пікірталас сайысын өткіздім.




**IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы туралы.**

Мектеп ұжымының адамгершілік сау қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында «Қамқорлық» акциясы, «Жылы жүрек – жомарт қол» тақырыбында ұйымдастырылды.

**Акция мақсаты** - әлеуметтік көмек алуға құқығы бар аз қамтылған , көп балалы ,тұрмысы қолайсыз отбасылардың балаларына, жетім балаларға әлеуметтік көмек көрсету,оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау және есепке алу, сонымен қатар әлеуметтік себептер ( киімдерінің, аяқ киімдерінің мектеп құралдарының жоқтығы ) бойынша балалардың мектепке бармауының алдын алу. «Жылы жүрек – жомарт қол!» қамқорлық, қайырымдылық акциясына жиналған **110 000** (жүз он мың) теңге жиналып, **8** оқушы, тұрмысы төмен, көп балалы, аз қамтылған, жартылай жетім оқушыларға көмек көрсетілді.



Акциядан көмек алған оқушылар.



2022-2023 оқу жылында түрлі қайырымдылық бағыттағы акциялар мен іс-шаралар ұйымдастырылды.



9 «а» сынып

**Акция жәрмеңке бағытында ұйымдастырылды.**

«Үйде оқытылатын ерекше білімді қажет ететін балаларға» жаңа жылдық кішігірім көңіл күй сыйлау үшін, іс-шара ұйымдастырылды.



Мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырыстарында мектеп қорына демеушілер және өзге де демеушілерден келіп түскен қаржылай көмекті үлестіру, №64 қаулыға сәйкес білім алушыларға қаржылай көмекті тағайындау және оқушылардың қала

сыртындағы лагерьлерге жіберу туралы мәселелер қабылданып, шешімдер шығарылды.

#### **V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмысы туралы.**

Білім алушылардың ата-аналарымен жұмысты үйлестіруде басымдық әлеуметтік мәртебегіне отбасынан шыққан оқушыларға берілді.

Өгей әке не анасымен тұратын оқушылардың үй-тұрмыс жағдайы және әлеуметтік ерекшеліктері баса назарға алынып, мектеп психологі оқушыларды өз бақылауында ұстап отыр.

Ата-анаға түрлі мәселелер (қаржылай көмек алу, оқушыны лагерьмен қамту, бала тәрбиесі, мамандық таңдау, баламен қарым-қатынасы және т.б.) бойынша жыл бойы әлеуметтік-педагогикалық кеңес берілді.



**Сабақтан үзінді көрініс**

8-сынып оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру мақсатында, «Мамандық таңдай біл!» тақырыбында тренинг өткізілді.

★ Оқушыларға мамандық таңдау, олардың негізгі түрлері, класификациялық белгілері, мамандық тобы, таңдау әдістарі туралы білімдерін, түсініктерін кеңейте отырып, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру.

Тренинг барысында оқушыларға мамандық туралы ақпараттар беріліп, ұсыныстар айтылды.

Тоқсан сайын өткізілетін ата-аналар жиналысына қатысып, мәселелі сұрақтарына жауап берілді. Мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысында әлеуметтік мәселелер бойынша баяндама оқылды.

«Отбасылық қарым-қатынас» тақырыбында ата – аналар сағатын өткізілді. Мақсаты: ата-ананың бала тәрбиелеудегі оң көзқарасын, балаға деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру.




- Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату.

Ата-аналарға буллингтің алдын алу, мектептегі әлімжеттік бойынша жаднамалар таратылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Өмір құндылығы» тақырыбында 6-сынып оқушылар арасында ойлау сабағын өткізілді. Мақсаты:

- ★ «Өмір» ұғымына терең үңілуге ықпал жасау.
- ★ Болашағына жағымды көңіл-күйді тудыру. ★ Өзінде бар құндылықты бағалай білуге баулу.





**Сергіту сәті**

#### **VI. Диагностикалау-талдау қызметі туралы.**

Мектептегі білім алушылардың арасында әлеуметтік мәселелерді зерделеу бойынша диагностикалық-талдау қызметі жүргізілді. Оның ішінде, «Сыныптағы қарым-қатынас» семинары, «Мектептегі оқу-тәрбие үдерісі» әлеуметтік сауалнамасы, «Мектептегі ыстық тамақ және буфеттік тамақтану» сауалнамасы алынып, нәтижелері шығарылып, қорытындыланды.

Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.



**Сауалнама толтыру барысы.**

Әр жылы 1 маусым «Балаларды қорғау» күніне іс-шаралар ұйымдастырылады..



Балалар біздің болашағымыз демекші жылда жазғы сауықтыру лагеріне тегін жолдамамен оқушыларымыз демалып, ата-аналары алғысын білдіріп жатады.

Оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру мақсатында қала сыртындағы лагерьге 24 оқушы демалатын болады. Білім алушылардың әлеуметтік картасы және отбасы картасы жасалынды.

### **Ұсыныс**

*Жоғарыда атқарылған жұмыстар мен мектептің әлеуметтік көрсеткіштерін ескере отырып төмендегідей ұсыныстарды ұсынамыз:*

- 1. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстардың нәтижелілігін арттыру үшін «мектеп–ата–ана–оқушы» моделі негізінде жұмысты жандандыру;*
- 2. Сынып жетекшілерге ата–анамен дұрыс–қарым–қатынас орнату, диалогтың функцияларын дамыту мақсатында ақпараттық тұрғыда қолдау көрсету;*
- 3. Мектепте атқарылатын әлеуметтік –педагогикалық жұмыстарды цифрлық технологияларды қолдана отырып оңтайландыру.*

**Әлеуметтік педагог: Алимбекқызы Қалжан**